

Волонтер – құрметті қызмет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 27 тамыздағы қаулысында 2020 жылды Волонтер жылы деп жариялады. Алдағы уақытта Үкіметке волонтер жылын өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдау қажеттігін міндеттеді. Талай қызықты танымдарға жол ашып, жастардың өздерін жаңа қырынан тануға мүмкіндік беретін қызмет турасында соның қазанында қайнап жүрген жастардан бірауыз пікір алған едік.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін осы жылы тамамдаған, қазіргі уақытта Krea TV media продакшн сарапшысы Гүлғайым Ербол VI Group жыл сайын ұйымдастыратын марафонда, кейіннен университеттің үшінші курсына EXPO–2017 халықаралық көрмесінде волонтерлік еткен. Көрменің Қазақстан үшін айтарлықтай маңызы барын ұғынған Гүлғайым мұндай халықаралық деңгейдегі іс-шараның басы-қасында болып, өту механизмін көруді басты мақсат етеді. «EXPO–2017 халықаралық көрмесінде волонтер болғанымға қуанамын, себебі қаншама қызықты жайттың куәсі болдым. Жаңа достар таптым» дейді ол. Көрмеге волонтерлік етуде өзі сияқты жастарға жағдай жасалғаны көңіліне қонған. «Бізді жатақханамен, тамақпен, көлікпен қамтамасыз етті. Бұл тек менің ғана емес, волонтер болып жүрген барша жастың көңілінен шықты» дейді. Көрмеде волонтерлік етудің нәтижесінде шетелдік қонақтармен тілдесіп, қызықты ақпараттармен бөлісіп, пікір алмасу арқылы тіл деңгейін жетілдіруге де мүмкіндік берген волонтерлік шақтарын Гүлғайым қазір сағына еске алатынын да жасырмады.

Ал С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің төртінші курс студенті Еркежан Шеруова Қазақстан студенттер альянсының мүшесі. Ол да – волонтер. Алғаш рет волонтерлікті университеттің 1 курсына бастаған. «Университет жіберетін арнайы шараларға волонтер ретінде қатыса бастадым. Алғашқы мен қатысқан ауқымды іс-шара EXPO – 2017 халықаралық көрмесі болды. Қазір волонтер болғанымға екі жыл, мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі шараларға да қатысып жүрмін. Мәселен, Президенттің қатысуымен өткен Astana Hub халықаралық IT стартаптарға арналған технопарктің ашылуы, елімізде қысқы триатлон бойынша өткен чемпионат, халықаралық деңгейдегі форумдарда волонтер болдым. Қазір Нұр-Сұлтандағы Қазақстан студенттері альянсының мүшесімін. 23-24 тамызда Қазақстан студенттер альянсы жазғы маусымның жабылуына орай Павлодар қаласында Қазақстанның белсенді студенттеріне

арналған лагерь ұйымдастырды. Сол лагерьде волонтер болдым» дейді ол. Қатардағы волонтер болып кейіннен өзінің волонтерлік ұйымын ашқан Валихан Бахретдинов жас буынға уақытын тиімді әрі қызықты өткізіп, жаңа көкжиектерге жол ашуда бұл қызметтің маңызы орасан зор екенін айтады. 2013 жылы волонтерлікке алғаш рет қадам тіреген ол 2015 жылға дейін түрлі іс-шараларға қатысып, волонтерлердің үйлестірушісі болып та жұмыс істеген. 2017 жылдың тамызынан бастап ЕХРО–2017 халықаралық көрмесінің волонтерлік штабының мүшесі болып, аталған көрме волонтерлерінің тренері болады. «2015 жылы өзімнің волонтерлік ұйымымды аштым. Ал 2015-2016 жылдары Сенат пен Парламент дайындаған волонтерлік қызмет туралы заңның дайындау тобының құрамында болдым. Кейіннен қоғамдық жұмысқа араластым» дейді ол. Сондай-ақ оқыңыз 2020 жыл "Волонтерлер жылы" деп жарияланды

Шетелде өткен бірқатар іс-шараларда волонтер жастармен бірге болған Валихан Қазақстан мен шетелдегі волонтерлік қызмет арасында айтарлықтай айырмашылықтың барын айтады. «Шетелде волонтер болғаны үшін жастарға бірден-саран сыйақы беріледі. Ал жұмысқа орналасатын болса, волонтерлік қызмет атқарғаны құрметті іс саналады. Сондай-ақ қоғамдық көлікте жүруге жеңілдік ала алады» деген ол шетелдегі волонтерлік қызметтің тарихы тереңде жатқанын, ал Қазақстанда волонтерлік 2017 жылы халықаралық ЕХРО көрмесінің аясында ерекше жаңғырғанын және қазір қарқынды дамып келе жатқанын алға тартады. Қазіргі уақытта «Ұлан-ғайыр Дала Елі» қоғамдық бірлестігінің басшысы. Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшесі. Волонтерлік қызметтің өзіне өмірлік азық болғанын айтқан ол жастардың волонтерлікке уақыт бөлуі өздеріне өмір бойы мол тәжірибе болатынын тілге тиек етті. 2020 жыл волонтерлікке білек сыбана кірісетін жас буын үшін жаңалығымен келеді. Премьер-министрдің экс-орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бір сөзінде волонтерлер жылы аясында денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет және басқа да салаларда 7 жалпыұлттық жобаны іске асыру жоспарланып отырғанын, сондай-ақ жергілікті деңгейде бірқатар шаралар қарастырылғанын хабарлаған еді. Әр өңірде 10-ға дейін волонтерлік стартапты қолдау және іске асыру, волонтерлер және волонтерлік ұйымдармен жұмыс бойынша үйлестіру шаралары ұйымдастырылады. Ал Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев ұлттық волонтерлік желімен бірлесе осы жылдың сәуір айында qazvolunteer.kz онлайн-тұғырнамасы енгізілгенін мәлім еткен еді. Министрдің сөзінше, бұл волонтерлердің қызметін үйлестіруге мүмкіндік беріп, олардың жобаларына ақпараттық қолдауды іске асырады.

Осы орайда волонтер Еркежан Шеруова Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылды Волонтер жылы деп жариялағанына қуанғанын жасырмады. «Бұл осы қызметті атқарып жүрген жастар үшін тың серпін болады» деген ол қазіргі уақытта жастардың бұл жұмысқа көп тартылып жатқанын айтады. Алғаш волонтер болған кезінде «тегін жұмыс істеп уақыттарыңды шығындап қайтесіңдер» деген жандардың волонтерлік қызметке деген көзқарасы өзгерсе екен деген ниетін де алға тартты. Еркежанның тілегі біреу ғана – волонтер болған жастарға жағдай жасалып, деңгейін көтеруге мемлекет тарапынан мүмкіндіктер берілсе екен.

Ендеше, 2020 жыл волонтерлік қызметке бел шеше кірісетін жастар үшін жарқын болашаққа жасалатын оң қадамдардың қатарын толықтырып, бәсекеге қабілетті маман болуда тың серпіліс беретіндігіне иланғымыз келеді.

Толығырақ: <https://aikyn.kz/society/leumit-/7465-volonter/>

Материалды көшіріп басқанда Aikyn.kz сайтына гиперсілтеме міндетті түрде қойылуы тиіс. Авторлық құқықты сақтаңыз.